

**Сапалы білім берудегі
оқыту технологиясы мен
әдіс-тәсілдері**



**Мұғалімдердің алдына
қойылып отырған басты
міндеттердің бірі – оқытудың
әдіс – тәсілдерін үнемі
жетілдіріп отыру және жаңа
педагогикалық технологияны
меңгеру.**

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы.

Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдығын әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесінің» педагогикалық технологиясы нәтижеге бағытталған білім беруді қамтамасыз ететін механизм.


КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті білім алуға жағдай жасалады.

Білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға жағдай туады.

Білім беру жүйесінің сапасын бағалайтын ұлттық бағалау жүйесі құрылады.

Білімді меңгерудің төрт деңгейлік тапсырмалары:



Схемадағы дөңгелекшелердегі цифрлар Б.Блумның «Толық меңгеру» теориясы

бойынша анықталған шағын мақсаттар тізбегіндегі мақсаттардың реттік нөмірлерін көрсетеді.

I. Оқушылық деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды, алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

II. Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

III. Эвристикалық деңгейде мақсат ашық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді, яғни бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады.

Бұл деңгей - өнімді деңгей.

IV. Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы.
Сабақ жоспары

Вариативтілігі

- әр оқушының тілегі, ынтасы ескеріледі.
- балалардың жеке жұмыс істеуіне мүмкіндік беріледі.
- 1. Тапсырмаларды таңдап ала алады.
- 2. Кіммен жұмыс істеуін өзі қалайды.
- 3. Тапсырманы орындау әдістерін өздері таңдайды.

Икемділігі

сабақ жоспары оқушылар тілегіне сай өзгеріп отырады.
-Оқушылардың іс-әрекетіне сай өз жоспарына мұғалім коррекция жасай алады.

Ашықтығы

-Оқушылар өз еңбегі, іс-әрекетіне талдау жасай алады. Мұғалімге де ұсыныс айта алады. Оқушы – “субъект” , оған деген құрмет бар.

Сабақ мақсаты


(диагностикаға негізделген)

Мемлекеттік стандарттағы белгіленген білім, біліктілік, іскерлік, дағды ескеріледі.

Баланың әлеуметтік жағдайына диагностика жасалынады.

Дарынды балалармен жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді.

Тереңдетіліп берілетін білімдер басшылыққа алынады.




Сабақтың барлық кезеңінде:

Оқушы

***Оқу құралдары,
жабдығы***

Мұғалім



Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар:

- ***Құзырлылығы (компетент)***
- ***Іздендіру, зерттеу, білімді өз беттерімен алуды қамтамасыз ету***
- ***Технологияға құрылу***

Өнімсіз деңгей

Білім

Түсінік

Қолдану

Өнімді деңгей

Анализ

Синтез

Баға



Технологиялар

```
graph LR; A[Технологиялар] --> B[Дамыта оқыту технологиясы]; A --> C[Ұжымдық оқыту технологиясы]; A --> D[Проблемалық оқыту технологиясы]; A --> E[Жобалап оқыту технологиясы]; A --> F[Модульдік оқыту технологиясы]; A --> G[Даралап, саралап оқыту технологиясы]; A --> H[Интеграциялық оқыту технологиясы];
```

Дамыта оқыту технологиясы

Ұжымдық оқыту технологиясы

Проблемалық оқыту технологиясы

Жобалап оқыту технологиясы

Модульдік оқыту технологиясы

Даралап, саралап оқыту технологиясы

Интеграциялық оқыту технологиясы

ОҚЫТУ

Дәстүрлі

Мұғалім

Оқу құралы

Оқушы

Технологиялық

Оқушы

Оқу құралы

Мұғалім

Технологиялық оқытуда

Оқушы іс-әрекеті

-оқушы - оқыту субъектісі
-мақсатқа дербес, өз іс-әрекетімен жетуші, белсенді тұлға.

-өз-өзін, бір-бірін оқытушы.

-өнерпаз, жасампаз еңбек иесі

-өз ізденісімен табысқа жетуші
шығармашылық тұлға
(сапалы өнім шығарушы)

Ол → конструктор
→ өзін-өзі оқытушы
→ технолог
→ оқыту үшін оқушы
→ өнертапқыш

Мұғалім іс-әрекеті

-жеке тұлғаға бағытталған
тапсырма ұсынушы,
нақты мақсат қоюшы.

-бағыт-бағдар беруші,
кеңесші, ақылшы.

-оқушының жетістігін
құптаушы,
ынталандырушы.

-мақсатқа жетелеуші, оның
тиімді жолын ұсынушы.

-қабылдап алушы, сарапшы,
ақыл-кеңесші.

-әділ би.

Көзделген
нәтиженің
орындалу кепілі

Нақтылы мақсатқа
негізделген болашақ
оқу үрдісінің жобасы

Сатыланған және
тәртіптелген іс-әрекет
жүйесі

Технология

Мұғалімнің кәсіби
қызметін жаңартушы

Білім беру стандартының
негізгі талаптарына жетудің
нақты жолы

Жоспарланған түпкі
нәтижеге жетудің кепілдік
берерліктей іс-әрекеттер
жиынтығы

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ

- Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:
- 1) пассивті – оқушы оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру)
- 2) активті /белсенді/ оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс)
- 3) интерактивті – inter (өзара), akt (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.
- Интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды моделдуді, ролдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны /яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты/ ерекшеленуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.
- *Интерактивтік оқыту технологиясы* – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

- **Интерактивтік оқыту технологиясы.**

- 1) Жұптасып жұмыс істеу.
- 2) Шағын топтармен жұмыс.
- 3) Аквариум.
- 4) Аяқталмаған сөйлем.
- 5) Миландыру
- 6) Броундық қозғалыс.
- 7) Есептеу ағашы.
- 8) Азаматтық тыңдау.
- 9) Ролдік /іскерлік/ ойын.
- 10) Өз позицияңды ұстан.
- 11) Дискуссия.
- 12) Дебаттар.

- **Интерактивті оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі.**
- **Әр ұстаз өз бетінше топпен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданылады.**
- **Аквариум технологиясында бірнеше оқушы шеңбер ішінде ситуацияны жасырады, ал қалғандары оларды бақылап тұрып әрекеттеріне талдау жасайды.**
- **Броундық қозғалыста оқушылар бүкіл топ ішінде қозғала жүріп, берілген тақырыбы бойынша ақпарат жинайды.**
- **Есептеу ағашы – топ сандары бірдей 3 немесе 4 топқа бөлінеді. Әр топ өз сұрақтарын талдап, ағаштың өздеріне тиісті тармағына жауап жазады, содан соң топтар орындарын ауыстырып, көршісінің ағашына өз идеяларын жазады.**
- **«Өз позицияңды ұстан» - деп аталатын технодогияның да пайдасы бар. Қандай да бір ұйғарым, көзқарас оқылады, содан кейін оқушылар «Иә» немесе «Жоқ» деген аймаққа бөлінген тақтаға (плакатқа) барады. Мүмкіндігінше олар өз позицияларын түсіндіргені дұрыс.**
- **Мұғалім мен оқушының интерактивтік шығармашылығы шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттай білудің маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан методикалық инновациялар оқытудың интерактивтік методымен байланыстырылған.**
- **Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.**

- «Интерактивтің» негізгі сипаттамалары қандай? Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл процес өз-ара қолдау және қайырмадылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процестің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.
- Сабақтағы интерактивтік әрекет өз-ара түсіністікке, өз-ара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұқбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

- **Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барасында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, ролик ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.**
- **Интерактивтік оқыту формаларына нені жатқызуға болады? Бүгінгі күні әдіскерлер мен шығармашыл-ұстаздар топтық жұмыстың көптеген түрін жасап шығарды. Олардың ішіндегі кең таралғандары - «үлкен шеңбер», «аквариум», «мимен шабул», «дебаттар». Алдыңғы сабақтардағы білімдері немесе өмірде алған тәжірибелері негізінде аздаған хабары бар қандайда бір мәселе толығымен талқыланатын болса ғана, интерактивтік оқыту формасының тиімділігі жоғары болады. Одан басқа, қарастырылатын тақырып жабық немесе тар мағыналы болмау керек. Мысалы, ұрлық үшін жауапкершілік қандай болу керек немесе салық мөлшері қанша болу керек деген сияқты сұрақтарды топ алдында талқылаудың мағынасы жоқ. Талқыланатын мәселенің деңгейі тар экономикалық (құқықтық, саяси, тарихи, т.б.) сұрақтардан мәселені кеңінен қоюға көшуге мүмкіндік жасайтындай болу керек.**

ДИДАКТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ

Оқушылардың білім деңгейін дидактикалық тест арқылы өлшеу әдісі, бағалау әдісі-шкала. Дидактикалық тесттердің атқаратын қызметі:

- диагностикалық- оқушылардың білім, білік, дағдылық қабілеттерін бүкіл пән бойынша немесе оның бір тарауы бойынша анықтау;
- Саралау- оқу пәнін игеруіне қарай оқушыларды топқа бөлу арқылы өткізу;
- Болжау- алдағы өтілетін материалдарды игеруге негіз қалау;
- Салыстырмалы- түрлі топтағы оқушылардың білім деңгейі туралы нәтижені салыстырады;

Тапсырманы еске түсіру тесті- оқушылар сұрақ орнына белгілі бір фактіні келтіреді. Мысалы: Қазақстан Республикасының Тіл туралы заң қашан қабылданды?, Білім туралы Заңның неше бабы бар? т.б.

Құрастыру ережелері:

- Сұрақ қысқа әрі нақты болуы тиіс;
- Қарапайым болуы керек;
- Жауабы қысқа әрі түсінікті болуы керек;

Қосымша тест тапсырмалары- жауабында сөйлем ішінде көп нүкте қойылған орын тастап кетеді, ол жерге сыналушы тиісті сөз немесе сан қоюы керек

Құрастыру ережелері:

- Сұрақ анық әрі нақты болуы керек;
- Ашық қалдырылған жерлер сөйлем мағынасын өзгертпеуі қажет;
- Қалдырылған сөз түйінді болуы керек;
- Біржақты жауап болуы тиіс

- **Баламалы тест тапсырмалары-** мұнда оқушы жауабы дұрыс я дұрыс емес деген мағынада ғана болады. Мысалы: “Абай жолы” Ш.Құдайбердиевтің шығармасы ма? Жауап “иә” не “жоқ” болуы тиіс.

Құрастыру ережелері:

- Дұрыс жауап беретін сөздерді пайдаланбау қажет, мысалы: барлығы, кейбірі
- Дұрыс және дұрыс емес жауаптары араластырылып берілуі керек, олардың орналасуына белгілі бір заңдылық қалыптастырмау қажет;
- Сөйлем дұрыс иә дұрыс емес болуы қажет;
- Сөйлемдегі ой желісі дұрыс құрылуы қажет;

Іріктеу тест тапсырмалары- сыналаушы бірнеше жауаптардың ішінен дұрысын ғана таңдауы керек

Құрастыру ережелері:

- Дұрыс жауаптары кез-келген жерде тұрады;
- Дұрыс жауаптары нақты шындыққа жақын, ал дұрыс еместері мүлде ашық болуы тиіс;
- Барлық жауап нұсқалары бірдей грамматикалық тұлғада тұруы керек;

- **Салыстырмалы тест тапсырмалары-** тест тапсырушы бағананың екі жағындағы мағынасы жағынан сай келетін мәліметті табуы керек.

Құрастыру ережелері:

- Екінші бағанадағы мәлімет 1-ші бағанадағыдан көп болуы керек;
- Бірінші бағанада сөйлем, екінші бағанада сөз болады;
- Тестте 5-тен 15-ке дейін тапсырма болуы керек;

Маңыздылығына қарай орналастырылған тесттер-

сыналушыға бір құбылыс не мәлімет, шама, сандық көрсеткіштер тобы беріледі, соны ретіне қарай орналастыру керек. Мысалы: Мына сөз таптарын ретімен орналастыр: сын есім, зат есім, үстеу, етістік.

Құрастыру ережесі:

- Тестте 7 мүшеден артық жауап болмауы керек;

**Назарларыңызға
рахмет!**

